

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

УДК 811.512.122

*Нұрмұхаметова, Қ.Т.,
филология ғылымдарының кандидаты,
шетел тілі кафедрасының доценті,
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

ЛАТЫН ӘРПІНЕ КӨШУ – САНАҒА СЕРПІЛІС ЖАСАУҒА ДЕГЕН БАТЫЛ БЕТБҰРЫС

Түйіні

Мақалада мемлекеттік тілді реформалау, рухани жаңғыру бағдарламасы тарих көшінде маңызды орын алатын үлкен өзгеріс екендігі туралы жазылған.

Латын әліпбиіне көшудің өзектілігі туралы ой қозғалып, тиімді тұстары тәжірибемізден алынады.

Санаға серпіліс жасау, қоғамдық сананы, ұлттық болмысымызды жаңғырту, ұлттық код мәселесін қозғай отырып, қоғам дамуының үдерістеріне орасан зор ықпал еткен, ұстынды тірек болған тұлғалардың ұлы мұраттары туралы мағлұмат берілген.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: рухани жаңғыру, латын әліпбиі, тіл табиғаты, әріп, таңба, емле ережелері, қазақ жазуы, үндестік заңы, тәрбие, ақпарат, ғаламтор желісі, тамыры терең тарих, ұлылар ұлағаты, ұлттық құндылықтар.

1. Кіріспе.

Бес мың жыл бұрын адамдар жазу үлгісін ойлап тауып, хатқа түсіру жүйесін жасаған. Содан бері әріппен жазу адамзаттың өмірдегі маңызды бөлігі болып қана қоймай, тыныс-тіршілігінің ажырамас бөлшегіне айналды. Тасқа қашалған жазулар бабаларымыздан қалған жәдігер, тарихты таразылар қолтаңбасы десе де болады.

VI–VII ғ. орта ғасыр кезеңінде «Орхон-Енисей» жазулары көне түркілердің руникалық жазулары пайда болды. Бұл ең көне әліпби және V–XV ғасырларда түркі тілі ұлттаралық қарым-қатынас тілі болды. 9 ғасырда ислам дінін қабылдаған соң, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады. Қазақ жұртының латын тіл мәдениетімен қатынасы сонау ертеден басталған. Оның айғағы 13-ші ғасырда жазылған «Кодекс Куманикус» «Қыпшақ тілінің сөздігі» – қыпшақ тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктерден тұратын кітап. Бұл еңбектің түпнұсқасы 1294 жылы латынның готикалық көне қарпімен жазылған, екі бөліктен тұрады. Аударылмаған көне нұсқасы қәдімгі қазақ жұмбақтарымен мағынасы сәйкес келеді Мысалы: «Көкше ұлағым көгенде семірет», «Ақ кеменің аузы жоқ» т.б.

1929–40 жылдар аралығында латын алфавиті біртұтас түркі алфавиті қолданылды. 40-шы жылдардан кейін орыс графикасы негізінде кириллицаға ауыстырылды.

2. Материалдар мен әдістер.

2012 жылдан бастап осы латын алфавитіне көшу туралы мәселені Елбасы айтып келді. Қазақ ұлт ретінде ары қарай дамуы үшін өзгеге ұқсамайтын өзгешелігін, тарихы терең тамырын ұлан ұрпаққа жете танытуы қажет.

Көшбасшымыз Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында 2025 жылға дейін латын әліпбиіне толығымен көшетінімізді мәлімдеген болатын. Елбасы еліміздің өркендеп-өсуі үшін және қазақ тілінің болашағы мен латын әліпбиіне байланысты бірне-

ше жобаны ұсынды. Осыған орай 9 қараша 2017 жылы қазақ тілінің латын қарпіне негізделген бірыңғай стандартының жобасы қабылданды. Жаңа әліпбиде латын графикасында қалыптасқан екі диаграф, қалған қазақтың тоғыз төл дыбысы дәйекшелермен (апостраф) беру нұсқасы қабылданды. Мұнда бір дыбыс бір әріппен белгілену қағидасы сақталған.

Заман тәжірбиесі көрсеткендей әлемдік ақпарат кеңістігіне өтудің жолы ретінде латын жазуы кеңінен пайданылады. Қай елдің ғылымы озық технологиясы жетік болса, сол елдің мемлекеттік тілінің қолдану аясы әлемдік деңгейде болады. Өркениетке қол жеткізген әлем елдерінің 80% пайызы латын тілін қолданады.

Мемлекеттік тілді реформалау, рухани жаңғыру бағдарламасы – тарих көшінде маңызды орын алатын үлкен өзгеріс. Сонымен қатар әліпби ауыстыруда саяси, қоғамдық, рухани мән жатыр. Егемендіктің белгісі – тіл, дін, діл, Әнұран, Елтаңба, Ту, қалай қасиетті болса, жазу да соншалықты маңызды. Жазу деген – ол таңба (Елтаңба деген сияқты). «Жазу – әліпби, таңба және емле-ережелерден құралады. Әліпби – тілдің дыбыс құралы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ережелер әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекерлері», - дейді тіл маманы Әлімхан Жүнісбек [3].

Сондықтан да латын әліпбиін қабылдау арқылы ұлтымыздың көрінісі тіліміздің әлеуеті артып тіл тазалығы сақталады, 42 әріптің орнына 32 әріп қолданылып, басы артық әріптер саны азаяды. Орыс жазуының ықпалымен енген кірме әріптер мен емле ережелер қазақ тілінің ішкі айтылым (орфоэпия) дыбыс тіркес заңдылықтарына кері әсерін тигізді: ый, ій дыбыстарын «й» деп үйретіп жіңішке айтқызып, ми, жи тиін, немесе аю, қоян деп жазылуы бойынша оқып, өрескел бұзып айту әдетке айналды. Осы жерде ескеретін нәрсе, орыс тілін бөлектеп қарсы болып отырған мәселе емес, орыс тілінің емле-ережесінің табиғаты бөлек екенін ескеру керек. Елбасымыздың өзі айтқандай «Біз орыс тіліне қарсы емеспіз, біз оның қазақ қауымына қалай ендірілгенін құптамаймыз» дегені талай нәрсені аңғартады [6].

3. Нәтижелер мен талқылау.

1940 жылы қазақ жазуы кириллицаға негізделген графикаға көшірілді. Бұл ауыстыру саяси жағдайға байланысты болды. Б. Әбілқасымов мен Ш. Мәжітаева бұның себебін былай түсіндіреді: «1910 жылдардан бастап А. Байтұрсынов араб жазуын қазақ халқының үндестік заңына ыңғайластырып реформалады, оның реформалаған жазуын бірден алу түркі жұрты ең озық жүйе деп таныса да, орыс жазуын бірден алу түркі тілді халықтардың қарсылығын туғызатындығын түсінген орталық уақытша латын жазуын уағыздап, түркі халықтарына алғаш латын жазуын қабылдатты. 1937–38 жылдардағы қуғын-сүргіннен кейін зиялы қауымның көрнекті өкілдері атылып, айдалып кеткен соң, латын жазуынан орыс графикасына көшу идеясы көтеріліп, 1940 жылдан бастап түркі халықтары, оның ішінде, қазақтар да орыс графикасына халықтардың тілегі бойынша деген сылтаумен көшірілді» [4].

Қ. Күдеринаның көрсетуінше, 1939 жылы әзірленген жобада 40 әріп болды. Орыс графикасына негізделген әліпбиді негізінен С. Аманжолов әзірледі. Бұған дейін де ол орыс тіліндегі терминдерді латынша жазудың қиындығы туралы баспасөз бетінде жариялап, орыс графикасына көшу тиімділігі туралы ойлар айтқан болатын. 1940 жылы 30 тамызда 41 әріптен тұратын жаңа әліпби жобасы әзірленді, оған һ әрпі енгізілді. С. Аманжолов я, ю әріптері арқылы әріптерді көп жазудан құтылу жолын ұсынды, яғни йа дыбысын я, ал йуу не йуу дыбысын ю әрпі беретінін жазды. Бір айта кететіні А. Ысқақов э әрпін алып тастау керектігін ұсынды, себебі оны е береді, сондықтан э әрпін әліпбиден алуды ұсынды. Соңынан 1952 жылы ый, ій, ұу, үу қосарын и, у таңбаларымен белгілеу қабылданып, и, у әріптері осыдан бастап, біресе дауысты, біресе дауыссыз бола бастады. Сөйтіп, 42 әріптен тұратын әлемдегі әрпі көп орыс жазуына негізделген қазақ жазуы пайда болды.

Осыдан бастап, әріппен сөйлейтін ұрпақ қалыптаса бастады. Тілшілердің таңба басқа, дыбыс басқа болады деген есебі дұрыс болмады. Орыс жазуына негізделген қазақ жазуы қазақ фонетикасына мынадай өрескел қателіктерді әкелді:

1) болашақ мұғалімдер қазақ фонетикасын қате теориялық түсінік бойынша оқыды;

2) дауыссыз и, у дыбыстары біресе дауысты, біресе дауыссыз деген қате тұжырым пайда болды;

3) кірме сөздер мен терминдер тіліміздің басты заңы сингармонизмге бағындырылмады, таза орыс тілінің дыбыстық заңы бойынша айтылды;

4) акцент жоғала бастады;

5) жуан және жіңішкелік белгі бойынша сөйлеу қалыптаса бастады, мәселен, Асель, халиң қалай?; (Әсел, қалың қалай?)

6) сөзде екі дауысты дыбыс қатар жазылатын орфограмма енгізілді, мысалы: тиын, қиын, жиын;

7) ерін үндестігі есепке алынбады, мектеп бағдарламасына енгізілмеді;

8) қазақ тілінде дыбыс «сингема» емес, «фонема» деген тұжырым енгізілді;

9) орфографиялық сөздікте фонетикалық ұстаным басты болмады, орфографияда алақұлалықтар пайда болды;

10) сөйлеуде орфоэпиялық норма басты болмай, орфографиялық норма басты болды;

11) емлетануда шешілмес қиындықтар пайда болды т.б.

Бұл жағдайлар соңынан қазақ фонетикасына аса ауыр соққы болып тиіп, соның зардабын күні бүгінге дейін тартып келеміз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу шұбар тілден арылуға мүмкіндік береді. Тіз тазалығы мәселесі жолға қойылады. Тіліміздегі басы артық дыбыстарды таңбалайтын әріптер қысқарады. Сөздердің дұрыс жазылуын, дыбысталуын реттейміз. Орфографиялық, орфоэпиялық нормалар, тіл табиғаты дұрысталады. Осыған байланысты емле ережелері де қысқарады.

Қазіргі заманғы технологиялар, коммуникация, ғылыми және білім беру процестері латын алфавитіне көшуге қолайлы деуге болады. Қазір бастауыш сыныптардан латын әріптерін үйретіп жатыр. Елбасы тапсырмасы бойынша 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандар, орта мектептерге арналған оқулықтар дайындау ісі қолға алынады.

Латын әліпбиі арқылы әлемдік кеңістікке жол ашылады, жаңа ақпараттар мен технологияларға қол жеткізуге мүмкіндіктер туады. Ғаламтор желісінде ақпарат алу, ғылым, білім саласында мүмкіндіктер артады.

Ғылым мен білімнің барлық саласында ғаламтор желісінде қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашылады, әлемнің даму көшіне ілесеміз.

Түбі бір түркі әлемімен рухани, мәдени, ғылыми экономикалық қарым-қатынас орнайды, түркі дүниесімен жақындастырады. Саяси маңыздылығы – кириллицамен сіңіп кірген отарлық санадан арылуға себепкер болады.

Өзге ұлт өкілдері қазақ тілінің төл әріптерін қиын қабылдайды. Қазақ тілі латын әріптерімен жазылса жеңіл, қолданысқа оңай, игеруге ыңғайлы болады. Болашақтың негізі білім ордаларында қалыптасатынын ескерсек, балабақшадан бастап әріп үйрету мектепте жалғасады. Оқу орындарында да оқыту үрдісін жеңілдетеді. Отандық ғылымның жаңа белестерге көтерілуіне, қазақстандық ғалымдардың шетелдік әріптестермен қарым-қатынасын жандандыруға мүмкіндік туады.

Шын мәнінде, бүгінде ғаламтор жүйесінде латын әліпбиі кеңінен тараған. Электрондық поштамыз бен автокөлік нөмірлері де латын әріптерімен берілген. Күнделікті пайдаланып жүрген жеке куәлігіміз де, паспортымызда да латын әріптері бар. Тауар маркалары мен еларалық құнды қағаздарда да осы әріптер таңбаланып келді. Ол әріптерді сауаты бар кезкелген адам жеңіл түсіне алады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын да Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» жолдауында «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен ғаламтор тілін жетік игеруіне, ең бастысы қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады деген болатын»[5]. Демек, латын әліпбиіне көшу, ана

тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге, мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіруге мүмкіндік жасайды, тіліміздің ішкі табиғи заңдылықтары қазақы айтылуы (орфоэпия) мен жазылымы (орфография) жүйеге келтіріледі.

Жазбаша тіл ауызша тілдің графикалық көрінісі. Жазу белгілі бір таңбалар арқылы жасалады. Сондықтан жаңа әліпби жасау үшін алдымен графикалық лингвистика негіздерін танып білу қажет, тілдің дыбыс жүйесіндегі фонемалардық фонологиялық ерекшеліктеріне назар аудару керек, басқа тілден енген сөздерге қатысты фонемаларды қалай таңбалау керек екені ескерілуі тиіс. Ең бастысы – тілдің табиғатын ашатын өзіндік дыбысталу ерекшеліктеріне нұқсан келмейтіндей мәселелер назарда болу керек. Бұл мәселелер ескерілмеген жағдайда жазудың өзгертілуі халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік санасына кері әсер етуі мүмкін. Олай болса, қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің, яғни қазақ жазуын реформалау жұмыстарының ғылыми негіздемесі дайындалуы керек. Білім беру мекемелерінде, оқу орындарында оқытушылар мен студенттер латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиін оқып-жазуға үйренуге, білім-біліктілігін жетілдіруге қосымша кәсіби білім бағдарламалары жүргізілуі керек. Жаңа латын әліпбиінің емле-ережелерін қалыптастыру бағытындағы арнайы курстар мен семинарларға жіберілуі қажет.

Кейбіреулер ағылшын тілі өте қиын тіл деп жатады. Біз ағылшын тілінің емле-ережесін қабылдайын деп жатқан жоқпыз. Әліпби латындікі болғанмен, емле-ереже қазақтың өз нормасына сай жасалады. Ағылшындарда 45 дыбысты 26 әріппен белгілеп отыр. Әрине, өте күрделі. Өздері де емле-ережесінің қиындығын мойындап, «Манчестер деп жазып, Ливерпуль деп оқимыз», - деп күледі екен. Біз де кириллицаның арқасында 26 дыбысымызды 42 әріппен белгілеп келдік.

Айналып келгенде білім – әлемдік дәрежеде, тәрбие – ұлттық деңгейде болғаны дұрыс. Алаш зиялыларының да саяси және рухани күресіндегі мақсат – ұлтымызды ұйыстыру еді, сол арқылы елдігімізді айқындау аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрған еді. Олар тілдің саяси, қоғамдық, рухани ұлтты біріктіруге күш екенін жақсы сезген. Сондықтан да қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы тілтану ғылымынан бастауы кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені ұлттық болмыс, сана өткені мен бүгінгі тіл арқылы, жазу арқылы сақталып хатталып қалады.

Отаршылдық саясаттың қысымын көп көрген халқымыздың зар заман жаршылары тілді қарсылық пен сынның құралы етсе, алаш азаматтары тілді ұлтты сақтап қалудың қуаты құралы деп қарады, сол жолда басын қатерге тікті. Өзі бодандықта жүрген халықтың тіл құқығын талап етуі ол кезеңде оңай шаруа емес еді. Ұлттың мүддесін қорғаған, ірі тұлғалар, ұлт ұстаздары, ұлт көсемдері еді олар «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ешуақытта жоғалмайды», - деген А.Байтұрсынов [1].

Санаға серпіліс жасау қоғамдық сананы, ұлттық болмысымызды жаңғырту, ұлттық код мәселесін алға қойды. Ұлттық рухпен, тамыры терең тұзу тарихпен тұлға, ұрпақ, ұлт тәрбиеленеді. Ұлттық код дегенде атадан балаға жалғасып келе жатқан дала заңы мен хатқа түспесе де қағида боп қалыптасқан дүниелері халықтың терең тамырлы шежіре тарихы, шоқтығы асқақ теңдесіз ұлттық құндылықтары сияқты қасиеттер ойға оралады. Жаңа сипаттағы ұлттық сана халқымызға өзінің ертеңін бүгінгі дамудың, ал бүгіннің кешегі ұлы күрестердің нәтижесі, заңды жалғасы екенін танытты.

Отан қадірін білу – жер, ел, ұлт тарихын жан-жақты игере білуден, тілі, діні, ділі, ата салт-асыл дәстүрін жете меңгеру, ұлыларын ұлықтау, айрықша қастерлеуден басталады.

Тарих еншісіне айналған XX ғасырдың соңында қазақ елінің аңсаған арманына қол жетіп, егемен ел болдық. Ата-бабамыз найзаның ұшы, білектің күшімен жаудан қорғап қалған қазақ жерінде егемен елдің көк байрағы желбіреді. Тәуелсіздік бүкіл әлемге жер шарында «қазақ» деген ұлттың, «Қазақстан» деген мемлекеттің бар екенін жариялауға мүмкіндік берді. Тәуелсіздік деп бір сөзбен айтқанмен, оның астарында азаттық, бостандық, еркіндікті бідіретін үлкен мағына жатыр. Тәуелсіздіктің арқасында Туымыз, Өнұранымыз, өз Елтаңбамыз бар, әлем танитын елге айналдық. Ешкімге жалтақтамай, болашақ үшін әрекет етуге мүмкін-

дік туды. Соған бәріміз де қуаныштымыз. Еліміздің желбіреген туын көріп, әнұранын естігенде көңіліміз толқиды. Тәуелсіздікті аңсаған бабаларымыздың жердің бүтіндігі, елдің амандығы үшін небір тар жол, тайғақ кешуден өткені белгілі. Енді Қазақстан халқы Тәуелсіздік жолында бірлік пен ынтымақтастықты сақтап, ел экономикасын одан әрі жақсарту үшін қызмет жасауда. Тәуелсіз ел болу дегеніміз – жетпіс жыл жыл бойы езілген еңсеңді көтере ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан салт-дәстүрінді, әдет-ғұрпынды, айқын көрсетіп, өзіңнің өзгелермен тең екендігіңді сезіну және ана тілінде емін – еркін сөйлеуің. Тәуелсіздік мағынасы өте зор, тамыры терең ұғым. Тәуелсіздік – жер бетіндегі, әсіресе Африка, Азия т.б. мемлекеттерде, аса қастерлі ұғым, себебі ол мемлекеттер миллиондаған адамдарын құрбандыққа шала отырып қол жеткізді. Қазақстан да ел тәуелсіздігіне бейбіт, даңғыл жолмен жете қалған жоқ. Қазақ халқы қазіргі азаттығына қиямет нәубеттерді, есепсіз қиянат, мехнаттарды басынан өткеріп жетті. Азаттық жолында халық қанша рет қансыраса да, қаза болған жоқ, есеңгіресе де, есінен адасқан жоқ, тізесінен сүрінсе де, тілінен сүрінген жоқ.

Арыға бармай-ақ «Ақтабан шұбырындыға» елімізді шалдықтырған жоңғар шапқыншылығынан, Төле, Әйтеке, Қазыбек билеріміз үш жүздің басын қосып, батырларымызды орын-орнымен топтастырып, жігер қайраттарын қайрап, рухтандырып, Абылайды хан сайлап, жоңғардан жерімізді тазартып, Тәуелсіздіктің ірге тасын қалап кетті. Қарасай мен Қабанбай сияқты ұстынды тірек тұлғалы батыр бабаларымыз Тәуелсіздігімізді қорғап 40–50 жылдай ат үстінде жүргенін жастарға мақтаныш сезімімен таныстыруымыз керек. Кешегі 1986 жылғы желтоқсанның жастары ақ қар, көк мұз үстінде намыс отын жағып, жанкештілікпен табандылық көрсетті. Кеңестік бұғауды бұзып, қабырғасын қақыратты, еліміздің тәуелсіздікке жетуін бір табан жақындатты. Сол батырлардың арқасында тәуелсіздігімізге қолымыз жетті. Ал «Тәуелсіздік» деп аталатын қасиетті ұғым қазақ атымызды әлемге әйгілеп, өшіп бара жатқан жігерімізді жанып, тістеп алған тілімізді шығарды. Халық көкірегінде құпия сақталып келген аяулы арыстарымыздың асыл мұрасын қайтадан ашты. Ахмет, Міржақып, Әлихан, Шәкәрімдермен қайта қауыштырды. Осы біртуар тұлғаларының есімін қазақ халқы мәңгі ардақ тұтады.

4. Қорытынды.

Бүгінде қайта түлеген Қазақстанды бүкіл әлем таныды, көк байрағымыз әлемнің түкпір-түкпірінде желбіреп, Әнұранымыз шырқалады. Дамыған өркениетті алпауыт елдердің көлеңкесінде қалып қоймай қазақ елі басқа елдермен терезесі тең иық тірестіретін дәрежеге жетті. Елбасымыз алдыңғы саптағы елу елдің қатарына қосуды мақсат етіп сол игілікті іске қол жеткізуге жұмылдырып отыр.

Осындай тамаша ел – Қазақстанның болашағы уыздай ұйыған ынтымағымызға, берік бірлігімізге байланысты екенін, мемлекетіміздің кемелденуіне әр азаматтың міндетті екеніне көз жеткізіп отыру керектігін Елбасы үнемі айтып келеді. Бүгінгі таңда отансүйгіштікке тәрбиелеуде, оны қалыптастыруда ұлтымыздың тарихын, батырлық дәстүрін насихаттай отырып жастар санасына серпіліс береміз «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлессең – сүйініш, өз тілін білмей тұрып жат тілге жалпақтау, еліктеу – қасірет», - деген Халел Досмұхамедұлы. Осы мәселелер әлі сол өзектілігін қатты қажет етіп отыр. Осы мәселе Елбасы айтқан санаға серпіліс қажеттігінен туып отыр. Содан да болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі.

Тәуелсіздікке қол жеткізген тарихқа да көз жүгіртіп, оны ұрпақ санасына сіңіре отырып, өз Отанын сүйетін, елімізге ұлтжанды, парасатты, саналы, сауатты, Отанын мақтан тұтатын және оның қамын жейтін, ол үшін күресе білетін мамандарды даярлай аламыз.

Әдебиет тізімі

1. Байтұрсынов, А. Ақ жол [Мәтін] / А. Байтұрсынов. – Алматы: [ж.б.], 1991 ж.
2. Жолдасбеков, М. Елтұтқа [Мәтін] / М. Жолдасбеков. – Астана: [ж.б.], 2001 ж.

3. Жүнісбек, Ә. Орталық коммуникациялар қызметі [Мәтін] / Ә. Жүнісбек. – [ж.о.], Пресс-конференция, 12 қыркүйек 2017 ж.
4. Күдерінова, Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері [Мәтін] / Қ. Күдерінова. – Алматы: [ж.б.], 2010. – 144 б.
5. Назарбаев, Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Мәтін] / Н.Ә. Назарбаев. – Астана. – 2012 ж.
6. Назарбаев, Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы [Мәтін] / Н.Ә. Назарбаев. – Астана. – 31 қаңтар 2017 ж.

Мәлімет редакцияға түсті: 20.12.2017

НУРМУХАМЕТОВА, К.Т.

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ – МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

В статье говорится о больших изменениях в программе реформирования государственного языка и духовного возрождения, занимающих важное место в истории. Рассматривается актуальность и преимущества перехода на латиницу. Также даются сведения о преемственности деятельности великих личностей, которые внесли свою лепту в развитие общества, о прорыве и возрождении общественного сознания, национального бытия и кода.

Ключевые слова: *духовное возрождение, латинский алфавит, характер языка, буквы, символы, правила орфографии, казахское письмо, закон сингармонизма, образование, информация, интернет, история, национальное наследие, национальные ценности.*

NURMUKHAMETOVA, K.T.

TRANSITION TO THE LATIN ALPHABET –MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS

The article discusses great changes in the reform program of the state language and spiritual revival which occupies an important place in history. The relevance and benefits of the transition to the Latin alphabet are considered. The information about the continuity of the great people's activities who have contributed to the development of society, and about breakthrough and revival of the social consciousness of national life and code is also introduced.

Keywords: *the spirit of the revival, the Latin alphabet, the character of the language, the bucca, the symbol, the rules of the spelling, the kazakh paper, the law harmony, the education, the information, the web-site, the insightful history, the national sovereignty, national values.*